

13 қараша – радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлері күні. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қазіргі әскердің тарихы 1918 жылы алғашқы химиялық қызметтің пайда болуымен тығыз байланысты.

1992 жылы тамыз айында химиялық әскер радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау (РХБҚ) әскерлері болып өзгертілді. РХБ қорғау әскері химиялық, радиациялық және биологиялық қарулардың зақымдаушы факторларынан халық пен Қарулы Күштердің жеке құрамын қорғау сынды тапсырмаларды шешуге қауқарлы. Әскери және бейбіт күнде олар радиациялық, химиялық және



## РАДИАЦИЯЛЫҚ, ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ ӘСКЕРЛЕРІ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

биологиялық қауіп төндіретін жағдай салдарын ликвидацияға тартылуы мүмкін.

13 қарашада Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау күні атап өтілді. Бейбіт уақытта бұл мамандар миллиондаған адамның өмірі мен денсаулығына араша түседі. Ал олардың ұрыс алаңындағы жұмысы өзге әскер тектерінің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінде шешілетін тапсырмаларға қатысты барлау, арнайы өңдеу, аэрозольді қарсы іс-қимыл бөлімшелері мен отпашар бөлімшелері бар. РХБҚ әскерлерінің жарақтандыруында жаңа заманауи техника, яғни, «Солнцепек» ТОС-1А ауыр отпашар жүйелері, отандық өндіріс үлгілері, РАСТ-1КЗ, РАСТ-2КЗ зымыран-талдау станциялары, АРС-14 КЗ автоқұю станциялары, сондай-ақ, ОМ-90 қазіргі заманғы газтұмшалар бар.

Сонымен қатар, олардың міндеті қоршаған ортаға қолайсыз факторлардың ықпал ету әсерін барынша төмендету болып табылады. Сондай-ақ АРС-14 КЗ авто-құю станциялары қару-жарақты, әскери техниканы, көлік құралдарын, жерлерді газсыздандыру, дезактивациялау және дезинфекциялау, бүркемелеу аэрозольдік шымылдығын құру үшін қажет. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс бөлімі мен бөлімшелері жоспарлы түрде жаңа, тиімділігі жоғары барлау құралдарымен, жеке және ұжымдық қорғаныс, байқау және бүркемелеу техникалық құралдарымен, оқпашарлық-өртегіштік құралдармен жабдықталып тұрды. Әскери қызметшілердің өздері де ҚР Қарулы күштерінің оқу орталықтарында жүйелі түрде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс әскерлері мамандарына арналған дайындық курстары өткізіліп, Қазақстан және шет елдегі түрлі оқу-жаттығуларға белсенді қатысады.

Өңірлік қолбасшылықтардың құрамалары мен әскери бөлімдерінің радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау мамандары РХБ барлау, қару-жарақ пен әскери техниканы арнайы өңдеу, аэрозольді бүркемелеу міндеттерін орындау бойынша тәжірибелік дағдыларды жетілдірді.

Далалық шығудың негізгі мақсаты жеке құрамның радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау бөлімшелерді үздіксіз басқару бойынша міндеттерді ұйымдастыру мен орындауда дағдыларын, іскерліктерін жетілдіру болып табылады. Залалданған жер учаскесі анықталған жағдайда жеке құрам оны залалсыздандыру, сондай-ақ жеке құрамды, қару-жарақ пен әскери техниканы арнайы өңдеу бойынша іс-шараларды жүзеге асырды.

Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерді жауынгерлік (жедел) қамтамасыз ету түрлерінің бірі болып табылады. Ол әскерлердің шығындарын барынша азайтуға бағытталған радиоактивті, химиялық және биологиялық жұқтыру жағдайында қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ

оларды жоғары дәлдіктегі және басқа да қару түрлерінен қорғауды арттыруға бағытталған ұйымдастыру және тәжірибелік іс-шаралар кешенін қамтиды. М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының міндеті мен мақсаттарының бірі – басқа да мамандықтары мен қатар заманауи жалпы әскери ұрыстағы химиялық, биологиялық және радиациялық құралдарын қолданудағы өз қол астындағыларын басқара білетін химиялық қамтамасыз ететін, РХБҚ әскерінің запастағы офицерін дайындау.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау әскерлерін запастағы офицерлермен тек М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасы қамтамасыз етеді.

Әскери кафедра 1963 жылдан бастап қазіргі таңға дейін 18 700-ден астам запастағы офицерлерді дайындады. Қазіргі таңда әскери кафедра жыл сайын 200 дей әскери химиктер яғни запастағы лейтенант шеніндегі РХБ қорғау взвод командирлерін дайындайды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасы төменде көрсетілген РХБ қорғау бойынша әскери-есеп мамандықтарын дайындайды:

- Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;

- От шашу және түтін шығару бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;

- Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс қару-жарағы мен құралдарын, экологиялық бақылауды техникалық құралдарын пайдалану ж жөндеу;

- Қарулы Күштердің жауынгерлік іс-қимылдарын радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру.

Әскери кафедралағы оқытылатын студенттердің әскери патриоттық денгейін, РХБ қорғау әскеріне деген қызығушылық ынтасын дамыту мақсатында әскери кафедрасында жыл сайын кафедра студентерінің қатысуымен 13 - қараша РХБ қорғау күні аталып өту дәстүрге айналған.

Қазіргі заманғы жалпы әскери ұрыста радиациялық, химиялық, биологиялық қорғауды ұйымдастыруда қалыптасқан білім денгейі; радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау бөлімшелерін дайындаудағы негізгі білім базасы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері үшін өз Отанына, халқына және Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысына шексіз берілген, ұрысты ұйымдастыру мен жүргізуге қажетті білімі бар, бөлімшелерде тәрбие және идеологиялық жұмысты жүргізу мен ұйымдастыру әдістері мен түрлерін игерген, күнделікті іс-қимылында әскери қызметшілер мен олардың жаңа мүшелерін әлеуметтік-құқықтық қорғауын қамтамасыз ете алатын запастағы офицерлерді дайындау.

**Оспан АМАЛБЕКОВ**  
М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының аға оқытушысы запастағы подполковник.